

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

жазушылардың және актёрлердің арқасында бұл елдердің кинематографиясы көрермендерді бірегей және сапалы туындыларымен қуантып, әлемдік кинематографиялық мәдениеттің маңызды бөлігі болып қала береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Tae Young Kim, Dal Yong Jin. Cultural Policy in the Korean Wave:^[1]_[SEP]An Analysis of Cultural Diplomacy Embedded in Presidential Speeches // International Journal of Communication. Simon Fraser University, Canada. 2016. P.13
2. Soobum Lee, Hyejung Ju. Korean Television Dramas in Japan: Imagining “East Asianness” and Consuming “Nostalgia” // University of Incheon, University of Oklahoma. 2010. P.78
3. 와타나베 미카. // 영화 ‘브로커’ 한국과 일본 사이 . 2022 // <https://www.jayupress.com/news/articleView.html?idxn0=6280> (есепке алынған күн: 01.03.2024)
4. Yonhap. Renowned Japanese filmmakers head to S. Korea for new projects. 2021 // <https://www.koreaherald.com/view.php?ud=20211124000582> (есепке алынған күн: 03.03.2024)
5. The Korea Times. ‘Collaboration is inevitable’: why Japan-Korea TV and movie projects may become common, according to Japanese director Isao Yukisada. 2023 // <https://www.scmp.com/lifestyle/entertainment/article/3210375/collaboration-inevitable-why-japan-korea-tv-and-movie-projects-may-become-common-according-japanese> (есепке алынған күн: 05.03.2024)
6. Nam Ji-eun. S. Korea-Japan cultural exchange continues despite souring diplomatic relations. 2019 // https://english.hani.co.kr/arti/english_edition/e_international/908159 (есепке алынған күн: 10.03.2024)
7. Shin Hae-in. ‘Tree of Heaven’: a new tryout for a resurgence of Korean Wave. 2006 // <https://www.soompi.com/article/357651wpp/tree-of-heaven-a-new-tryout-for-a-resurgence-of-korean-wave> (есепке алынған күн: 15.03.2024)
8. Mactayren Jupiter. How Storytelling Transformed Japanese-South Korean Relations. 2023 // <https://www.linkedin.com/pulse/how-storytelling-transformed-japanese-south-korean-mactayren-jupiter> (есепке алынған күн: 17.03.2024)
9. 역사통. 한국과 일본을 잇는 '가교(懸橋·かけはし)'. 2017 // <https://m.blog.naver.com/hi-story21/220972339304> (есепке алынған күн: 19.03.2024)
10. Ashley Song. S. Korea and Japan Engage in Close Exchange Through Drama Remakes. 2019 // http://koreabizwire.com/s-korea-and-japan-engage-in-close-exchange-through-drama-remakes/138355#google_vignette (есепке алынған күн: 20.03.2024)

ӘОЖ 327

АҚШ-ТАҒЫ АРАБ ЛОББИЗМІНІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Зүлфайдар Мұхаммед Ардақұлы

mukhammed.zulfaidar@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,

Халықаралық қатынастар факультетінің студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.Қ. Құрманғали

XX ғасырдың екінші жартысында Америка Құрама Штаттары мен араб әлемі арасында сыртқы саяси қарым-қатынастар қарқынды дамыды. 1950-60 жылдардан бастап араб елдері АҚШ-тың сыртқы саясатына ықпал ете бастаған еді. Араб лоббиі мұнай секторының мүдделерін

қорғап, америка-израильдік қатынастарға әсер етуге тырысты [1, 185 б]. Араб лоббиін зерттеу АҚШ пен араб әлемі арасындағы қарым-қатынастарды түсіну үшін аса маңызды болып табылады.

XX ғасырдың ортасы әскери авиация саласындағы жаңа технологиялардың даму кезеңі болды. Сол уақыттың негізгі инновациялардың бірі - AWACS (Airborne Warning and Control System) атты әуе кеңістігін бақылайтын әскери жүйе еді. Сауд Арабиясының АҚШ-тан AWACS ұшақтарын сатып алуы араб лоббизмінің бетбұрыс кезеңі, әрі ірі жетістігі болды.

AWACS - бұл әуе кеңістігін бақылауға арналған жоғары технологиялық жүйе. Ол ұзақ қашықтықтағы әуе мен жердегі нысандарды ерте анықтап, бақылай алады. AWACS ұшағы радар, компьютер және байланыс құралдарымен жабдықталған. Бұл жүйенің ең үлкен ерекшелігі - айналмалы радиолокациялық антенналары. Бұл антенналардың командалық, бақылау және байланыс функциялары бар [2, 116 б].

1970-80 жылдары бірнеше ел AWACS жүйелерін белсенді түрде дамытып қолдана бастады. Мысалы, 1976 - 1978 жылдары НАТО елдерінің қорғаныс министрлері AWACS жүйелерін алу туралы келіссөздер жүргізді. АҚШ қорғаныс министрі Гарольд Браун мен АҚШ әуе күштері штабының басшысы генерал Дэвид К. Джонс үлкен шығындарға қарамастан НАТО-ның AWACS жүйесін алуын қолдады [2, 45-47 бб].

Сауд Арабиясы AWACS жүйесін мұнай кен орындарын қорғау мақсатында сатып алғысы келді. Осындай мәлімдеме 1986 жылы 1 қазанда өтінішті қорғау кезінде айтылды. Саудиялықтардың Сенаттың Сыртқы істер комитетіне ұсынған баяндамасында мұнай нысандарына шабуыл жасалуы мүмкін екендігі меңзелген. Онда: «саудиялықтар Мәскеумен тығыз байланысы бар елдермен қоршалған. Сауд Арабиясының мұнай кен орындары және теңіз аумағына шабуыл жасалуы ықтимал» [3, Executive summary, IV б], - деп көрсетілген.

Қырғи қабақ соғыстың осы кезеңінде АҚШ-тың басымдықтары прокси-соғысқа, яғни қақтығысқа тікелей араласудан гөрі үшінші тараптарды қаржыландыруға ауыса бастады. Вашингтон Сауд Арабиясына AWACS жүйесін сатуы осы жоспардың бір бөлігі еді. Саудиялықтардың АҚШ-тан AWACS ұшақтарын сатып алуы екі ел арасындағы стратегиялық серіктестіктің көрінісі болды. Аталмыш ұшақтар Сауд Арабиясының қорғаныс әлеуетін нығайтса, АҚШ-қа кеңестік экспансияны тежеуге және мұнай саясатын басқаруға мүмкіндік берді. Осылайша, бұл келісім стратегиялық маңызды аймақта қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етті.

1981 жылы 1 қазанда Пентагон Сенат пен Өкілдер Палатасына AWACS жүйесін сату келісімін мақұлдауды сұрайтын № 81-96 Меморандумды жіберді. Ұшақтардың бастапқы бағасы 1,8 миллиард АҚШ долларын құрады. Құжатта АҚШ әкімшілігі Сауд Арабиясын «ең тұрақты араб елдерінің бірі» санайтыны және «патшалықтың тұрақтылығы мен Сауд Арабиясының Батыс үшін маңыздылығы» көрсетілген [3, 46 б]. Пентагон AWACS келісімі оның қосалқы жабдықтарымен есептегенде 85 миллиард долларды құрағанын атап өтті.

Саудиялықтар аталмыш келісімді сәтті аяқтау үшін Америка Құрама Штаттарында араб-сауд лоббиін құра білді. Бұл Сауд Арабиясының лоббисттік топтар арқылы Америка үкіметіне алғашқы рет ықпал етуі болып саналады. Сауд Арабиясы лоббилік топтың мүшелеріне патшалық әулеттің өкілдерін де тарта білді. Бұл топ американдық саясаткерлермен және қоғаммен қарым-қатынас жасай алуы тиіс еді. Топтың басшысы ретінде Ханзада Турки әл-Фейсал таңдалды. Оның қол астында адвокат, кеңесші, американдық маман және Вашингтон ақпараттық бюросының басшысы Хасан Ясин болды. Лоббилік топ Өкілдер палатасының мүшелері, республикашылар, демократтар мен қоғам қайраткерлерімен жиі кездесулер ұйымдастырды. Саудиялықтар патшалықта бірнеше жобалары бар Бахтель секілді американдық компаниялармен байланыстарын да тиімді пайдалана білді.

Осы араб-сауд лоббиінің табысты жұмысына себеп болғандардың бірі АҚШ-тық өкілдермен тығыз қарым-қатынасы бар, әрі тәжірибелі ұшқыш, ханзада Бандар бен Сұлтан болды.

Оның лоббилік процесстерге қатысуы, Конгресс мүшелері, басшылар мен саясаткерлермен келіссөздер жүргізе алу қабілеті шешуші рөл ойнады [4, 132 б].

Енді келесі кейске назар аударсақ, AWACS келісімі сәтті аяқталған болса, DP World-тың АҚШ-пен мәмілесі оңды бола қоймады. Dubai Ports World (DP World) жүк тасымалы, порт терминалдарының жұмысы және теңіз қызметтерімен айналысатын ірі логистикалық фирма. Оның штаб-пәтері Дубай әмірлігінде орналасқан. DP World жыл сайын шамамен 70 000 кеме арқылы 70 миллион контейнерді тасымалдайды. Оның үлесіне әлемдегі контейнерлік тасымалдардың шамамен 10%-ы тиесілі. Компанияның 40-тан астам елде 82 теңіз және ішкі терминалдардың желісі бар. 2016 жылға дейін DP World тек порт операцияларымен қана айналысқан. Ал қазіргі таңда ол көптеген стратегиялық нысандарды қарамағына алу арқылы өз билігін әртараптандыруда. DP World 2006 жылы әлемдегі төртінші ірі порт операторы P&O компаниясын сатып алу арқылы жаһандық деңгейге шықты.

P&O компаниясының әлемдік рөлін түсіну үшін Порттар жөніндегі америкааралық комитет ұсынған кестеге назар аударсақ [5, 7 б]:

Ranking	Operator	Million TEU	(%) Share
1	Hutchison Port Holdings (HPH)	33.2	8.3
2	PSA - Singapore Port Authority	32.4	8.1
3	APM Terminals	24.1	6.0
4	P&O Ports	21.9	3.3
5	DP World	13.3	2.5
6	Evergreen	11.5	1.7
7	Eurogate	11.4	1.6
8	Cosco	8.1	1.5
9	SSA Marine	6.7	1.4
10	HHLA	5.7	1.3

Жоғарыда көрсетілген кестеде әлемдегі ең үздік 10 терминал операторлары берілген. Кестеден байқайтынымыздай, 2005 жылы бес ірі оператор, HPH, PSA, APM терминалдары, P&O Порттары және DP World әлемдегі порттар қызметінің шамамен 28 пайызын басқарған. Сонымен қатар, P&O Порттары және DP World сәйкесінше төртінші және бесінші орындарға жайғасты.

2005 жылы Dubai Ports World компаниясының P&O-ды сатып алуы АҚШ қоғамында қызу талқыға түсті. Себебі P&O Ports веб-сайтына сәйкес, DP World бұрын P&O компаниясына тиесілі болған америкалық 12 портқа (Портленд, Бостон, Дэвисвилл, Нью-Йорк, Порт-Ньюарк; Филадельфия, Камден, Уилмингтон, Балтимор, Вирджиния, Норфолк және Портсмут порттары) иелік ету тиіс екен. Сонымен қатар, DP World Мексика шығанағы бойындағы тоғыз портқа (Техастағы Бомонт, Порт-Артур, Галвестон, Хьюстон, Фрипорт және Корпус Кристи порттарына, Луизианадағы Чарльз Көлі мен Жаңа Орлеан порттары) иелік етуі қажет.

Алайда, осы кезде Eller&Co атты өзге америкалық фирма лоббилік топтардың жұмысына жүгінді. Олар мәмілені қоғамға барынша жаман етіп танытуға тырысты. Себебі, Eller&Co бұрында P&O компаниясының серіктесі болып, кейіннен соттасқан да екен. Сол себепті, Eller&Co компаниясы келісімге тосқауыл қою мақсатында американдық лоббист Джо Малдунды жалдаған. Eller&Co лоббистері алдымен АҚШ шетелдік инвестициялар комитетінен бастады. Олардың айтуынша, егер DP World P&O компаниясын сатып алса, Eller&Co келісімшартқа сәйкес еріксіз түрде «Дубай үкіметінің серіктесі болып» кетеді. АҚШ шетелдік инвестициялар комитеті бұл шағымдарды елемеді. Бұл сәтсіз әрекеттен кейін Eller &Co лоббистері мәміле қауіпсіздікке нұқсан келтіреді деп Конгреске жүгінді. Мұнда олардың әрекеттері әлдеқайда табысты болды [4, 170 б]. Тәжірибелі лоббист Джо Малдун демократ Чак Шумердің назарын өзіне аудара білді. Чак

Шумер келіссөздерден кейінгі сөзінде бұл келісімді «қауіпсіздікке үлкен қауіп» деп атады. Нәтижесінде, бұл екі партия мүшелері қосылатындай үлкен саяси резонанс тудырды.

21 ақпанда республикашылар мен демократтар бірігіп президент Джордж Буштан бұл мәмілені болдырмауды талап етті. 2006 жылдың наурызында келісімге Өкілдер палатасы мүшелерінің 62-сі қарсы шығып, 2-еуі ғана қолдаған еді. Сол жылдың 9 наурызында Dubai Ports World АҚШ порттарын американдық «билікке» беретінін хабарлады. Dubai Ports World P&O-ның АҚШ-тағы операцияларын American International Group-қа белгісіз сомаға сатты. Компания қазір Ports America деген атпен белгілі.

Сонымен Америка Құрама Штаттарындағы араб лоббиі қазіргі таңда терең талдауды қажет етуде. Таяу Шығыстағы жылдар бойы жалғасып келе жатқан Израиль-Палестина мәселесі, хуситтер мен АҚШ шиеленісі ушыға түсті. Нәтижесінде, әлемдік экономика құбылып, саяси тұрақсыздық пайда болғаны анық. Осы орайда, араб лоббиінің Вашингтондағы әрекеттері үлкен маңызға ие болып отыр.

Араб лоббиінің тарихы терең. Алайда, оның тиімділігі күмән тудыратыны түсінікті. Еуропа мен Израильдің лоббилік топтарымен тайталаса отырып АҚШ-тың сыртқы саясатына әсер ету – араб лоббиі үшін ауыр мәселе.

Араб лоббиінің Вашингтондағы тиімсіз жұмысына себеп болған мәселелер өте көп. Мысалы, араб-американ қауымдастығы ойларының сан-алуан болуы, араб елдері арасындағы бәсекелестік пен олардың саяси ұстанымдарының әртүрлілігі араб лоббиінің дамуына кедергі болуда. Сондықтан да, ол өзге лоббилік топтар секілді, қарыштап дамып кете алмайды. Аталмыш проблемалар әр түрлі сипатта болғанымен, олардың ортақ себебі бытыраңқылық болып табылады. Араб елдері де-юре бірге болғанымен, геосаяси аренада біртұтас емес. Мәселен, Израиль, Армения немесе Грекияның үздік саналатын лоббилік топтары бір елге ғана бағытталған. Ал Араб мемлекеттері Лигасында 22 ел бар. Олардың әрқайсысының саясаты әртүрлі және АҚШ-пен қарым-қатынасындағы басымдықтар да сан қилы. Тіпті Парсы шығанағындағы араб мемлекеттерінің әріптестік кеңесі де бірлескен араб лоббиін құра алмады.

Оның басты себептерінің бірі араб елдері сыртқы саясатын өз бетінше тәуелсіз жүргізуі. Араб елдері бірдей қауіптер мен мәселелерге тап болғанымен, олардың түрлі геосаяси оқиғаларға қатысты ұстанымдары әртүрлі болады. Мысалы, Мысырда мұсылман бауырластығының билікке келуін Катар билігі қолдаған еді. Тіпті олар жаңа үкіметке грант беруге даяр екенін мәлімдеді [6]. Ал БАӘ мен Сауд Арабиясы мұсылман бауырластығының билікке келуін құп көрмеді [7].

Парсы шығанағы елдерінің қарым-қатынасында түрлі қақтығыстар мен келіспеушіліктер бар. Осы аймақ елдерінің арасындағы территориялық даулар қарулы қақтығысқа да ұласқан еді. Мысалы, Бахрейн мемлекеті Катардың құрлық шекарасынан 40 км қашықтықта орналасқан әл-Хувар архипелагына және елдің солтүстік-батыс жағалауындағы Зубара түбегіне ұзақ уақыт бойы дәмелі болды. 1986 жылы Бахрейн даулы аумақтың бір бөлігі Зубара түбегін өзіне қаратпақ болған. Алайда, Катар әскері бұған жол бермеді. Қақтығыс Сауд Арабиясының делдалдылығы арқылы тоқтатылды [8, 113 б].

Сонымен қатар, әрбір араб елі аймақтағы өз билігін арттыруға ұмтылады. Ал бұл ортақ саяси ұстанымды қалыптастыруға кедергі келтіретіні анық. Елдер арасындағы тарихи қақтығыстар, территориялық даулар, саяси идеологиялардың әртүрлілігі мен бір-біріне деген сенімсіздік Барри Бузан мен Оле Вевер ұсынған «аймақтық қауіпсіздік кешені» деп аталатын теорияға әкеледі. Яғни, белгілі бір аймақтағы мемлекеттер күштері мен ресурстарының көп бөлігін басқаларды бақылауға емес, бір-бірін аңдуға жұмсайды. Мәселен, Парсы шығанағындағы әрбір билеуші өз елінде басқа көршілес әулет билігінің күшеюінен қауіптенеді. Көрші елдерге деген күмәні мен сенімсіздігінің себебінен мемлекет өз қауіпсіздігін қамтамасыз етуге көбірек көңіл бөледі. Бәлкім, сондықтан да болар, ПШАМЫК ұйымының елдері құрылғанына 40 жылдан астам уақыт өтсе де, өз арасында біртұтас жүйе түрін әлі құра алмады.

Қорытындылай келе, АҚШ-тағы араб лоббиінің жұмысына геосаяси жағдайдың өзгеруі, араб елдерінің өзара қарым-қатынастары, энергетика саясаты секілді ішкі және сыртқы факторлар әсер етеді. Американдық арабтар мен араб елдерінің саяси көзқарастары мен бір-біріне деген күмәні олардың біртұтас күшке айналуына кедергі жасауда. Дегенмен, араб елдерінің лоббилік әрекеттері мен белсенділігіне қарап, болашақта жағдайдың жақсаруын күтуге болады. Араб лоббистері Америка саясатына ықпалын кеңейту үшін жаңа стратегиялар мен тәсілдерді қолдануы тиіс. Біріккен күш пен ортақ стратегия арқылы ғана араб лоббистері АҚШ-та өз мүдделерін сәтті қорғай алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Сурков Н.Ю. Арабское лобби в США: состояние и перспективы // Сборник статей Ближний Восток и современность. 2006 г. Выпуск 27, 347 стр.
2. Robert J. Congelli. AWACS for Saudi Arabia: A study of Foreign Policy and Political Process. 1989, 125 p.
3. The Proposed AWACS/F-15 Enhancement Sale to Saudi Arabia: Staff Report, prepared for the Committee on Foreign Relations // United States Senate. Washington, DC: Government Printing Office. 1981, 63 p.
4. د. دانية قليلات الخطيب. اللوبي الخليجي – العربي في امريكا. بين الطموح والواقع. مركز دراسات الوحدة العربي. 2016, 256 ص.
5. Marie-Helene Le Rossignol. Global Terminal Operators: An overview. Washington DC. 2007, 19 p.
6. The San Diego Union-Tribune. 2012. URL: <https://www.sandiegouniontribune.com/sdut-qatar-grants-egypt-2-billion-loan-2012aug11-story.html> (қаралған күні 25.03.2024)
7. Gulf News. 2013. URL: <https://gulfnews.com/uae/uae-uncovers-muslim-brotherhood-cell-arrests-members-1.1126333> (қаралған күні 25.03.2024)
8. Азимов К. Напряженность в районе Персидского залива может перерасти в войну // Россия и мусульманский мир. 2015 г. 12(282), 166 стр.

ӘОЖ 316.7

ЖАПОН СӘУЛЕТ СТИЛІ МЕН ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жеңіс Жігер Жарқынұлы

zhiga.winner@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2 курс бакалавры, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.М. Азмуханова

Жапония ғасырлар бойы жаһандық қызығушылықтың орны болды. Жапон сәулеті – бұл елдің мәдениетінің ерекше және маңызды аспектісі. Бұл стиль ежелгі тамырларға ие және қазіргі заманғы сәулет тенденцияларына әсер етуді жалғастыруда. Бұл мақалада біз жапондық сәулет стилінің негізгі ерекшеліктерін және оның қала құрылысына әсерін қарастырамыз.

Бай тарихы мен ерекше мәдениеті бар Жапония сәулет шедеврлерінің таңғажайып әлемін ұсынады. Химэджи секілді ежелгі құлыптардан, Хорюджи мысалындағы храмдардан Токиодағы заманауи керемет теледидар мұнараларына дейін жапон сәулеті өзінің талғампаздығымен, функционалдылығымен және қоршаған табиғатпен үйлесімділігімен әрқашан назар аудартты.

Мачидзукури – сөзбе-сөз айтқанда, бұл қала құрылысын білдіретін дәлме–дәл сөз. Бірақ бұл әдетте *Тоси-кейкаку* ретінде шартты түрде анықталған дәстүрлі жоғары орталықтандырылған модельге қарама–қайшы келетін жұмсақ жоспарлау әдісі ретінде танылады. Осыған қарамастан, жапон халқы мен елді құратын, дамытатын, оздыратын данышпан архитекторлар және